

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ШЕТ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«БАЛБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙЫ» КМҚК**

ҚАРАЛДЫ
Әдістелік кеңес
отырысында
Хаттама
Әдістелік бірлетік
жетекшісі М.К. Ж.М. Жаканова
«1» 09 2022ж

КЕЛІСІЛДІ
Бөбекжай әдіскері
М.К. М.К. Каргатаева
«01» 09 2022ж



«Ертегілер әлемінде»
«Қатынас» білім беру саласы
«Көркем әдебиет» бөлімі бойынша вариативтік компонент
БАҒДАРЛАМАСЫ
2022ж.-2025ж.

Құрастырушы: тәрбиеші Нургалиева А.А.

МАЗМҰНЫ

Түсіндірме жазба.....	1
Бағдарламаның жоспары.....	2-4
Вариативтік компонент бағдарламаның әдістемелігі.....	5-6
Тақырыптық – оқу жоспары.....	6-17
Қорытынды.....	18
Пайдаланылған әдебеттер тізімі.....	19
Қосымшалар.....	20-37
Жұмыс дәптері.....	38-42

РЕЗЕНЦИЯ

Мен, Нургалиева Айгерим Алимусаевна, «Балбөбек» бөбекжайы» тәрбиеші қызметін атқарамын.

Ұсынылып отырған «Ертегілер әлемінде» вариативтік компонент бағдарламасы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған өзекті әдістемелік өнім болып табылады.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес құрастырылған. Мазмұны балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жүйелі түрде жоспарланған және білім беру салаларының интеграциясын қамтиды.

«Ертегілер әлемінде» вариативтік компонент бағдарламасының өзектілігі қазіргі таңда балалар арасында жиі кездесетін мәселелермен (сөздік қордың аздығы, байланыстырып сөйлеу дағдысының жеткіліксіздігі, қарым-қатынас мәдениетінің төмендігі) негізделген. Осы мәселелерді шешуде ертегіні құрал ретінде тиімді пайдалануы – бағдарламаның басты артықшылықтарының бірі.

Бағдарламаның мақсаты нақты қойылған және міндеттері толық ашылған. Міндеттер жүйесі балалардың сөйлеу тілін дамытуға, сөздік қорын байытуға, еркін қарым-қатынас жасауына, сондай-ақ адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Перспективалық жоспар мазмұны бірізділікпен құрылған, әр айға бөлінген ертегілер тақырыптары балалардың танымдық қызығушылықтарын арттыруға және олардың шығармашылық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді. Әсіресе, театрландырылған әрекеттердің (саусақ театры, қуыршақ театры, көлеңке театры, үстел үсті театры) кеңінен қолданылуы балалардың тілін дамытуда тиімді әдіс ретінде дұрыс таңдалған.

Бағдарламада қолданылатын әдіс-тәсілдер (ертегі оқу, әңгімелеу, мнемокесте, ойын технологиялары, сахналау) заманауи білім беру талаптарына сай келеді және баланың белсенді қатысуына негізделген. Күтілетін нәтижелер нақты, өлшенетін және қолжетімді деңгейде анықталған. Бағдарлама соңында балалардың ертегі мазмұнын түсінуі, кейіпкерлерді ажыратуы, қарапайым сөйлемдер құрастыруы және рөлдік ойындарға қатысуы қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде қарастырылған, бұл білім беру процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

ТҮСІНІК ХАТ

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың тұлғалық дамуын, оның тілдік, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру – басты басымдықтардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты баланың жан-жақты дамуына, оның шығармашылық қабілеттерін ашуға және қоғамда еркін қарым-қатынас жасауына бағытталған.

Осы орайда ертегі – мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда, ойлау қабілетін жетілдіруде, эмоционалдық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыруда аса маңызды құрал болып саналады. Ертегі арқылы бала қоршаған ортаны танып-біледі, жақсылық пен жамандықты ажырата алады, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалап, өз ойын жеткізуге үйренеді.

«Ертегілер әлемінде» вариативтік компонент бағдарламасы өнім (3–4 жастағы) балалардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын ескере отырып әзірленді. Бағдарлама вариативтік компонент аясында жүзеге асырылады және балалардың сөйлеу тілін дамытуға, коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Бұл әдістемелік өнім балалардың ертегі әлеміне деген қызығушылығын арттырумен қатар, театрландырылған әрекеттер, ойын технологиялары, инновациялық әдістер арқылы олардың тілдік белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді.

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Міндеттері:

- Балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау;
- Әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;
- Дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;
- Шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;
- Артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;
- Қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;
- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;
- Балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру.

Бағдарламаның өзектілігі

- ❖ Қазіргі таңда балалардың:
- ❖ Сөздік қорының шектеулілігі;
- ❖ Өз ойын еркін жеткізе алмауы;
- ❖ Қарым-қатынасқа түсу дағдысының төмендігі
- ❖ Сияқты мәселелер жиі кездеседі.

Ертегілер негізіндегі ұйымдастырылған іс-әрекет осы мәселелердің алдын алып, баланың табиғи қызығушылығына сүйене отырып дамуына мүмкіндік береді.

Ұйымдастыру формалары:

- ✓ Топпен жұмыс
- ✓ Шағын топпен жұмыс
- ✓ Жеке жұмыс
- ✓ Рөлдік ойын
- ✓ Сахналау
- ✓ Еркін ойын әрекеті

Қолданылатын әдістер мен технологиялар:

- Ертегі оқу, әңгімелеу
- Театрландырылған ойын
- Саусақ театры
- Үстел үсті театры
- Мнемокесте
- Дидактикалық ойын
- Қимылды ойын

Күтілетін нәтижелер:

- ✓ Ертегі мазмұнын түсінеді;
- ✓ Кейіпкерлерді ажыратады;
- ✓ 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды;
- ✓ Ойын арқылы рөлге кіреді;
- ✓ Жақсы мен жаманды ажырата алады;
- ✓ Ертегіге қызығушылық танытады.

Ата-анамен жұмыс:

- Үйде ертегі оқу бойынша кеңес
- Сүйікті ертегі кейіпкері туралы әңгіме
- Бірлескен сахналау
- Ата-аналарға жадынама

«Ертегілер әлемінде» ертегілер арқылы баланы жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу вариативтік бөлім перспективалық жоспары

Айы	Ертегі тақырыбы	Мақсаты
Қыркүйек	«Бауырсақ» ертегісі үстел үсті театры	Балаларға ертегілер туралы түсінік беру. Ертегі кейіпкерлерін қонаққа шақыра отырып, қиялы мен қабілетін жетілдіру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді ажырата білуді үйрету.
	«Бұл кішкентай бауырсақ» ертегі кейіпкерлерін бояу	Балаларға ертегілер туралы түсінік беру. Ертегі кейіпкерлерін қонаққа шақыра отырып, қиялы мен қабілетін жетілдіру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру
	«Бауырсақ» ертегісін саусақ театры арқылы көрсету	Ертегі желісі арқылы өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, біреуге көмек беру, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелеу.
	«Бауырсақ» ертегісін қойылымы	Балалардың сөздік қорын жетілдіру негізінде тілдік күзіреттілігін қалыптастыру. Түрлі рольдерді қабылдай білуге және сөздерді түсінуге жаттықтыру. Ертегінің қойылымына қызығушылықтарын арттыру.
Қазан	«Шалқан» ертегісі саусақ театры	Балаларды аудио ертегілерді тыңдауға үйрету, әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс-тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету. Балалардың тілдерін дамыту.
	«Шалқан» ертегісінің қойылымы	Ертегі кейіпкерлері арқылы балаларға «достық», «дос», «бірлік» деген сөздердің мағыналарын түсіндіру.
	«Шалқан» ертегісі қуыршақ театры	Балаларға ертегіні сахналауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын келтіруге, өлең-тақпақтарды жатқа айтуға, пішіндегі бейнені құрастыруға үйретіп, іскерлік дағдыларын дамыту. Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға, қайырымдылыққа, мейірімділікке, бірлікке, достыққа тәрбиелеу.
	«Шалқан» ертегісін үстел үсті театры	Балаларға ертегіні үстел үсті театры арқылы әңгімелеп беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс – тұрыстарын, қызығушылықтарын қалыптастыру.

Қараша	«Үш аю» ертегісін сахналау	Ертегінің мазмұнын сақыналау арқылы түсіндіру, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ертегіні тыңдай отырып сөздік қорын молайту. Ертегіні сақыналауға бейімдеу. Балаларды адамгершілікке, адалдыққа, бірін – бірі сыйлауға үйрету. Өзіне берілген рөлді дұрыс дауыс ырғағымен ойнауға тәрбиелеу.
	«Үш аю» саусақ театры	Ертегі кейіпкерлерін қонаққа шақыра отырып, қиялы мен қабілетін жетілдіру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету. Өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, біреуге қызғанып қарамауға, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелеу.
	«Үш аю» ертегісін қуыршақ театры	Қуыршақ театры арқылы ертегіге деген қызығушылығын ояту, ертегі мазмұнын мәнерлі баяндап беруге үйрету.
	«Үш аю» ертегісін жазықтық фигуралары арқылы құрастыру (әңгімелеуге үйрету)	Балаларға ертегі мазмұнын тыңдауға және түсінуге, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. Кейіпкерлердің, оқиғалардың әрекетіне талдау жасау. «Үш аю» ертегісінің мазмұны туралы балалардың білімін бекіту.
	«Үш аю» ертегісін фланелеграфта көрсету	Балаларға ертегі мазмұнын тыңдауға және түсінуге, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. Кейіпкерлердің, оқиғалардың әрекетіне талдау жасау. «Үш аю» ертегісінің мазмұны туралы балалардың білімін бекіту.
Желтоқсан	«Түлкі мен қоян» ертегісін сахналау	Ертегі желісі арқылы балаларды аңқау болмауға, әр істі ойланып барып орындауға үйрету.
	«Түлкі мен қоян» ертегісін қуыршақ театры арқылы әңгімелеп беру	Балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөзді тыңдап және оны түсіну, әңгімеге араласып, өзіне қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету. Балаларға таныс әдеби шығармалар мен ертегілердің үзінділерін драмалауға қатыстыру.
	«Түлкі мен қоян» ертегісін көлеңке театры арқылы көрсету	Ертегінің мазмұнын түсіндіріп, балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөзді тыңдап және оны түсіну, әңгімеге араласып, өзіне қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету.

	«Түлкі мен қоян» ертегісі бойынша шығармашылық жұмыс	«Түлкі мен қоян» ертегісі бойынша шығармашылық жұмыс Мақсаты: ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйрету және шығармашылық қабілеттерін ояту.
Қаңтар	«Адасқан құмырсқа» ертегісін фланелеграфта көрсету	Достық қарым – қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Тіл байлықтарын жетілдіру, сөйлеу барысында сұрақ қойып, оған дұрыс жауап беруге жаттықтыру. Ертегіні әр түрлі театр түрлерімен сахналауға деген қызығушылықтарын ояту. Қамқорлыққа, мейірімділікке, достыққа, сахна мәдениетіне тәрбиелеу. Балалардың бойына эстетикалық талғам қалыптастыру.
	«Адасқан құмырсқа» ертегісін театрлық қойылыммен көрсетіп әңгімелеп беру.	Достық қарым – қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Тіл байлықтарын жетілдіру, сөйлеу барысында сұрақ қойып, оған дұрыс жауап беруге жаттықтыру. Ертегіні әр түрлі театр түрлерімен сахналауға деген қызығушылықтарын ояту. Қамқорлыққа, мейірімділікке, достыққа, сахна мәдениетіне тәрбиелеу. Балалардың бойына эстетикалық талғам қалыптастыру.
	«Құмырсқа» ертегісін үстел үсті театры арқылы әңгімелеу	Балаларды конус театр түрімен таныстыру, ертегі кейіпкерлерінің әрекетіне мінездеме беруге, сөздік қорын дамыту.
	«Құмырсқа» ертегісінің кейіпкерлерін жасау	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің бөліктерді желімдеуге үйрету. Құмырсқа туралы тақпақ, жұмбақ шешкізу арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
Ақпан	«Шұбар тауық» ертегісімен балаларды таныстыру	Балаларға кітап арқылы ертегіні баяндап айту, ертегіге зейін қойып, аяғына дейін тыңдауға үйрету. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қол моторикасын дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.
	«Шұбар тауық» ертегісін қуыршақ театры арқылы қайта еске түсіру	Балаларға ертегі мазмұнын әңгімелеп беру. Ересектердің айтқанын тыңдап, түсіне білуге, сұрақтарына жауап беруге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Ертегі мазмұны арқылы бір-біріне қамқор болуға, сыйластыққа тәрбиелеу.

	«Шұбар тауық» ертегісін қасық театры арқылы әңгімелеу	Балаларға қасық тетатры арқылы баяндап айту, сұрақ жауап арқылы балалардың сөйлеуін, тілдерінің дұрыс жетілуіне ықпал ету. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне назар аудара отырып, ертегіні түсінуге, қабылдауға, сезінуге, мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу Балалардың ойлау қабілетін дамыту, қызығушылығын дамыту.
	«Шұбар тауық» ертегісінің кейіпкерлерін фетр матасынан жасау	Балалардың өз қолынан ертегі кейіпкерлерін дайындауға үйрету.
Наурыз	«Тауық пен балапандар» ерегісін көлеңке театры арқылы көрсету.	Балаларды ертегіні мұқият тындауға үйрету әдеби түсіндіру барысында сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту. Жаксы қылықтарын атап шығарманың кейіпкерлерінің қылықтарын талқылап, арқылы адамгершілікке тәрбиелеу,өз көзқарастарын білдіруге, диалогты сөйлеуге үйрету. Біреудің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.
	«Тауық пен балапандар» ертегісін ролдерге бөліп ойнату	Балаларға «Тауық пен балапандар» ертегісін айтып беру, рөлдерге бөліп ойнатып, тілдерін дамыту. Еңбекке, достыққа, бірлікке тәрбиелеу.
	«Тауық пен балапандар» ертегісін баяндап беру.	«Тауық пен балапандар» ертегісін сұрақ- жауап, әңгімелеу әдістерін қолдана отырып ,балалардың тілдерін дамыту.Еңбекке,достыққа,бірлікке тәрбиелеу.
	«Тауық пен балапандар» ертегілерін су бояумен боя(шығармашылық жұмыс)	Ертегі желісі арқылы адал дос болуға, қол ұшын беруге тәрбиелеу. Су бояу арқылы ертегі кейіпкерлерін оқиға желісімен бояуға үйрету, сол арқылы ертегі мазмұндау үйрету.
Сәуір	«Түлкі мен тырна» ертегісін үстел үсті театры арқылы түсіндіру.	Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін,жүріс-тұрысын талдауға,оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету.
	«Түлкі мен тырна» ертегіні баяндау	«Түлкі мен Тырна» ертегісін тыңдайды, иллюстрациясы бойынша жүйесін сақтап баяндайды.
	«Түлкі мен тырна» ертегісін интерактивті (теледидар, ноутбук) тақтадан көру	Тыңдаған мәтінді түсінеді, түсінгенін сұрақтар арқылы білдіреді. Қарапайым фильмдер мен есту материалдары бойынша кейіпкерлерді атайды.

	«Түлкі мен тырна» ертегісін стақан театры арқылы көрсету	Балаларға үстел үстіндегі театр және көлеңкелі театр туралы түсінік беру, ертегілер кейіпкерлерін таныту, оларды дұрыс ажырата білуге үйрету. Көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру. Ойын, тілін, білімділігін, сөздік қорларын молайту. Ертегіні қызығушылықпен тыңдауға дағдыландыру, балаларды татулыққа, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.
Мамыр	«Не дәмді» ертегісін қуыршақ театры арқылы әңгімелеу	Ненің дәмді екенің ажыратуға, дәмнің айырмашылығын, пішінін айта білуге үйрету.ә)Асты қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.б) Кейіпкерлердің өзара сөйлесуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің ішкі сырын, айтылу керек ой-түйсігін, мән мағынасын бұзбай, байланыстыра баяндай білуге үйретуді дамыту.
	«Не дәмді ?» ертегісін сахналау	Балаларға ертегіні түсініп, тыңдай білуге үйрету. Қызығушылығын арттыру: көрсету, сұрақ-жауап, мақтау әдісі қолданылады. Тауық, ит, қоян, ешкі, мысық және ертегі ханшасының мағынасы түсіндіріледі. Тәрбиеші алдын ала ертегі кейіпкерлерімен таныстырады, олардың аттарын дұрыс айтуды үйретеді.
	«Не дәмді?» ертегілерінің кейіпкерлерінің көңіл күйін (эмоциясын) бейнелеу (шығармашылық жұмыс).	Балаларға ертегі кейіпкерінің әр образы суреттерде бейнелетіндігін ал сахналық образын адам дауыс ырғағымен салып көрсететіндігін түсіндіру, шығармашылық қабілеттерін ашу.
	«Не дәмді?» ертегісін рөлдерге бөліп ойнату	Балаларға ертегіні түсініп, тыңдай білуге үйрету. Қызығушылығын арттыру: көрсету, сұрақ-жауап, мақтау әдісі қолданылады.
	«Ертегілер әлемінде» балалардың сахналық образының көрмесі	Жылдық жұмыс жоспарында берілген сахналық қойылымдарды орындаған балалардың фото суреттерінің, бейнелеп, мүсіндеп шығарған ертегі кейіпкерлерінің образдары жиналған колөнер жұмыстарының көрмесін ұсыну.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Айы	Ертегі тақырыбы	Мақсаты	
Қыркүйек	«Бауырсақ» ертегісі үстел үсті театры	Балаларға ертегілер туралы түсінік беру. Ертегі кейіпкерлерін қонаққа шақыра отырып, қиялы мен қабілетін жетілдіру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді ажырата білуді үйрету.	07.09.2023
	«Бұл кішкентай бауырсақ» ертегі кейіпкерлерін бояу	Балаларға ертегілер туралы түсінік беру. Ертегі кейіпкерлерін қонаққа шақыра отырып, қиялы мен қабілетін жетілдіру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру	14.09.2023
	«Бауырсақ» ертегісін саусақ театры арқылы көрсету	Ертегі желісі арқылы өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, біреуге көмек беру, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелеу.	22.09.2023
	«Бауырсақ» ертегісін қойылымы	Балалардың сөздік қорын жетілдіру негізінде тілдік күзіреттілігін қалыптастыру. Түрлі рольдерді қабылдай білуге және сөздерді түсінуге жаттықтыру. Ертегінің қойылымына қызғушылықтарын арттыру.	27.09.2023
Қазан	«Шалқан» ертегісі саусақ театры	Балаларды аудио ертегілерді тыңдауға үйрету, әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс-тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету. Балалардың тілдерін дамыту.	03.10.2023
	«Шалқан» ертегісінің қойылымы	Ертегі кейіпкерлері арқылы балаларға «достық», «дос», «бірлік» деген сөздердің мағыналарын түсіндіру.	10.10.2023

	«Шалқан» ертегісі қуыршақ театры	Балаларға ертегіні сахналауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын келтіруге, өлең-тақпақтарды жатқа айтуға, пішіндегі бейнені құрастыруға үйретіп, іскерлік дағдыларын дамыту. Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға, қайырымдылыққа, мейірімділікке, бірлікке, достыққа тәрбиелеу.	16.10.2023
	«Шалқан» ертегісін үстел үсті театры	Балаларға ертегіні үстел үсті тетары арқылы әңгімелеп беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс – тұрыстарын, қызығушылықтарын қалыптастыру.	25.10.2023
	«Үш аю» ертегісін сахналау	Ертегінің мазмұнын сақыналау арқылы түсіндіру, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ертегіні тыңдай отырып сөздік қорын молайту. Ертегіні сақыналауға бейімдеу. Балаларды адамгершілікке, адалдыққа, бірін – бірі сыйлауға үйрету. Өзіне берілген рөлді дұрыс дауыс ырғағымен ойнауға тәрбиелеу.	02.11.2023
Қараша	«Үш аю» саусақ театры	Ертегі кейіпкерлерін қонаққа шақыра отырып, қиялы мен қабілетін жетілдіру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету. Өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, біреуге қызғанып қарамауға, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелеу.	08.11.2023
	«Үш аю» ертегісін қуыршақ театры	Қуыршақ театры арқылы ертегіге деген қызығушылығын ояту, ертегі мазмұнын мәнерлі баяндап беруге үйрету.	17.11.2023

	«Үш аю» ертегісін жазықтық фигуралары арқылы құрастыру (әңгімелеуге үйрету)	Балаларға ертегі мазмұнын тыңдауға және түсінуге, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. Кейіпкерлердің, оқиғалардың әрекетіне талдау жасау. «Үш аю» ертегісінің мазмұны туралы балалардың білімін бекіту.	24.11.2023
	«Үш аю» ертегісін фланелеграфта көрсету	Балаларға ертегі мазмұнын тыңдауға және түсінуге, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. Кейіпкерлердің, оқиғалардың әрекетіне талдау жасау. «Үш аю» ертегісінің мазмұны туралы балалардың білімін бекіту.	30.11.2022
Желтоқсан	«Түлкі мен қоян» ертегісін сахналау	Ертегі желісі арқылы балаларды аңқау болмауға, әр істі ойланып барып орындауға үйрету.	04.12.2023
	«Түлкі мен қоян» ертегісін қуыршақ театры арқылы әңгімелеп беру	Балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөзді тыңдап және оны түсіну, әңгімеге араласып, өзіне қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету. Балаларға таныс әдеби шығармалар мен ертегілердің үзінділерін драмалауға қатыстыру.	12.12.2023
	«Түлкі мен қоян» ертегісін көлеңке театры арқылы көрсету	Ертегінің мазмұнын түсіндіріп, балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөзді тыңдап және оны түсіну, әңгімеге араласып, өзіне қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету.	20.12.2023
	«Түлкі мен қоян» ертегісі бойынша шығармашылық жұмыс	«Түлкі мен қоян» ертегісі бойынша шығармашылық жұмыс Мақсаты: ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйрету және шығармашылық қабілеттерін ояту.	26.12.2023

Қаңтар	«Адасқан құмырсқа» ертегісін фланелеграфта көрсету	Достық қарым – қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Тіл байлықтарын жетілдіру, сөйлеу барысында сұрақ қойып, оған дұрыс жауап беруге жаттықтыру. Ертегіні әр түрлі театр түрлерімен сахналауға деген қызығушылықтарын ояту. Қамқорлыққа, мейірімділікке, достыққа, сахна мәдениетіне тәрбиелеу. Балалардың бойына эстетикалық талғам қалыптастыру.	09.01.2024
	«Адасқан құмырсқа» ертегісін театрлық қойылыммен көрсетіп әңгімелеп беру.	Достық қарым – қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Тіл байлықтарын жетілдіру, сөйлеу барысында сұрақ қойып, оған дұрыс жауап беруге жаттықтыру. Ертегіні әр түрлі театр түрлерімен сахналауға деген қызығушылықтарын ояту. Қамқорлыққа, мейірімділікке, достыққа, сахна мәдениетіне тәрбиелеу. Балалардың бойына эстетикалық талғам қалыптастыру.	15.01.2024
	«Құмырсқа» ертегісін үстел үсті театры арқылы әңгімелеу	Балаларды конус театр түрімен таныстыру, ертегі кейіпкерлерінің әрекетіне мінездеме беруге, сөздік қорын дамыту.	18.01.2024
	«Құмырсқа» ертегісінің кейіпкерлерін жасау	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің бөліктерді желімдеуге үйрету. Құмырсқа туралы тақпақ, жұмбақ шешкізу арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	24.01.2024
Ақпан	«Шұбар тауық» ертегісімен балаларды таныстыру	Балаларға кітап арқылы ертегіні баяндап айту, ертегіге зейін қойып, аяғына дейін тыңдауға үйрету. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қол моторикасын дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	01.02.2024

	«Шұбар тауық» ертегісін қуыршақ театры арқылы қайта еске түсіру	Балаларға ертегі мазмұнын әңгімелеп беру. Ересектердің айтқанын тыңдап, түсіне білуге, сұрақтарына жауап беруге үйрету.Есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.Ертегі мазмұны арқылы бір-біріне қамқор болуға, сыйластыққа тәрбиелеу.	07.02.2024
	«Шұбар тауық» ертегісін қасық театры арқылы әңгімелеу	Балаларға қасық тетатры арқылы баяндап айту, сұрақ жауап арқылы балалардың сөйлеуін, тілдерінің дұрыс жетілуіне ықпал ету. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне назар аудары отырып, ертегіні түсінуге, қабылдауға, сезінуге, мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу Балалардың ойлау қабілетін дамыту, қызығушылығын дамыту.	14.02.2024
	«Шұбар тауық» ертегісінің кейіпкерлерін фетр матасынан жасау	Балалардың өз қолынан ертегі кейіпкерлерін дайындауға үйрету.	23.02.2024
Наурыз	«Тауық пен балапандар» ерегісін көлеңке театры арқылы көрсету.	Балаларды ертегіні мұқият тыңдауға үйрету әдеби түсіндіру барысында сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту. Жақсы қылықтарын атап шығарманың кейіпкерлерінің қылықтарын талқылап, арқылы адамгершілікке тәрбиелеу,өз көзқарастарын білдіруге, диалогты сөйлеуге үйрету. Біреудің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	04.03.2024
	«Тауық пен балапандар» ертегісін ролдерге бөліп ойнату	Балаларға «Тауық пен балапандар» ертегісін айтып беру, рөлдерге бөліп ойнатып, тілдерін дамыту. Еңбекке, достыққа, бірлікке тәрбиелеу.	11.03.2024

	«Тауық пен балапандар» ертегісін баяндап беру.	«Тауық пен балапандар» ертегісін сұрақ-жауап, әңгімелеу әдістерін қолдана отырып ,балалардың тілдерін дамыту.Еңбекке,достыққа,бірлік ке тәрбиелеу.	25.03.2024
	«Тауық пен балапандар» ертегілерін су бояумен боя(шығармашылық жұмыс)	Ертегі желісі арқылы адал дос болуға, қол ұшын беруге тәрбиелеу. Су бояу арқылы ертегі кейіпкерлерін оқиға желісімен бояуға үйрету, сол арқылы ертегі мазмұндау үйрету.	28.03.2024
Сәуір	«Түлкі мен тырна» ертегісін үстел үсті театры арқылы түсіндіру.	Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін,жүріс-тұрысын талдауға,оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету.	03.04.2024
	«Түлкі мен тырна» ертегіні баяндау	«Түлкі мен Тырна» ертегісін тыңдайды, иллюстрациясы бойынша жүйесін сақтап баяндайды.	11.04.2024
	«Түлкі мен тырна» ертегісін интерактивті (теледидар, ноутбук) тақтадан көру	Тыңдаған мәтінді түсінеді, түсінгенін сұрақтар арқылы білдіреді. Қарапайым фильмдер мен есту материалдары бойынша кейіпкерлерді атайды.	17.04.2024
	«Түлкі мен тырна» ертегісін стакан театры арқылы көрсету	Балаларға үстел үстіндегі театр және көлеңкелі театр туралы түсінік беру, ертегілер кейіпкерлерін таныту, оларды дұрыс ажырата білуге үйрету. Көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру. Ойын, тілін, білімділігін, сөздік қорларын молайту. Ертегіні қызығушылықпен тыңдауға дағдыландыру, балаларды татулыққа, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	24.04.2024

Мамыр	«Не дәмді» ертегісін қуыршақ театры арқылы әңгімелеу	Ненің дәмді екенің ажыратуға, дәмнің айырмашылығын, пішінін айта білуге үйрету.ә)Асты қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.б) Кейіпкерлердің өзара сөйлесуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің ішкі сырын, айтылу керек ой-түйсігін, мән мағынасын бұзбай, байланыстыра баяндай білуге үйретуді дамыту.	06.05.2024
	«Не дәмді ?» ертегісін сахналау	Балаларға ертегіні түсініп, тыңдай білуге үйрету. Қызығушылығын арттыру: көрсету, сұрақ-жауап, мақтау әдісі қолданылады. Тауық, ит, қоян, ешкі, мысық және ертегі ханшасының мағынасы түсіндіріледі. Тәрбиеші алдын ала ертегі кейіпкерлерімен таныстырады, олардың аттарын дұрыс айтуды үйретеді.	13.05.2024
	«Не дәмді?» ертегілерінің кейіпкерлерінің көңіл күйін (эмоциясын) бейнелеу (шығармашылық жұмыс).	Балаларға ертегі кейіпкерінің әр образы суреттерде бейнелетіндігін ал сахналық образын адам дауыс ырғағымен салып көрсететіндігін түсіндіру, шығармашылық қабілеттерін ашу.	16.05.2024
	«Не дәмді?» ертегісін рөлдерге бөліп ойнату	Балаларға ертегіні түсініп, тыңдай білуге үйрету. Қызығушылығын арттыру: көрсету, сұрақ-жауап, мақтау әдісі қолданылады.	22.05.2024
	«Ертегілер әлемінде» балалардың сахналық образының көрмесі	Жылдық жұмыс жоспарында берілген сахналық қойылымдарды орындаған балалардың фото суреттерінің, бейнелеп, мүсіндеп шығарған ертегі кейіпкерлерінің образдары жиналған қолөнер жұмыстарының көрмесін ұсыну.	30.05.2024

Қорытынды

Қорыта айтқанда, «Ертегілер әлемінде» вариативтік компонент бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдардың ортаңғы топтарында балалардың сөйлеу тілін, коммуникативтік қабілеттерін және шығармашылық белсенділігін дамытуға арналған тиімді құрал болып табылады.

Ертегі арқылы ұйымдастырылған іс-әрекеттер балалардың сөздік қорын молайтып қана қоймай, олардың эмоциялық жай-күйін тұрақтандыруға, өзін еркін ұстауына, өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Театрландырылған ойындар мен инновациялық әдістер баланың қызығушылығын арттырып, оқу үдерісінің тиімділігін күшейтеді.

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде балалар:

- ❖ Қарапайым сөйлемдермен өз ойын жеткізе алады;
- ❖ Тыңдай білу және жауап беру дағдыларын меңгереді;
- ❖ Ертегілерді қызығушылықпен қабылдайды;
- ❖ Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін ажырата алады;
- ❖ Әдебиетке және театр әлеміне оң көзқарас қалыптастырады.

«Ертегілер әлемінде» вариативтік компонент бағдарламасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына толық сәйкес келеді және педагогтердің күнделікті жұмысында, вариативтік бөлімді жүзеге асыруда қолдануға ұсынылады.

Пайданылған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:
2. Отбасы және балабақша журналы 2008ж. №5
3. Бала мен балабақша журналы 2012ж. №10
4. Қалиев С. «Халық ертегілері» // Тәрбие
5. Хайуанаттар туралы қазақ ертегілері Алматы «Ғылым» 1979ж.

Қосымшалар



Шалқан

Баяғы бір заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың бақшасы бар екен. Бірде шал шалқан отырғызады. Шалқан үп-үлкен боп өседі. Бір күні шал шалқанды жерден суырып алмақшы болады. Ары тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды шығара алмайды.

Шал көмекке кемпірін шақырады. Кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Бірақ орнынан қозғалта да алмайды. Кемпір көмекке немере қызын шақырады. Немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Тағы да суырып шығара алмайды.

Немере қызы итін шақырады. Ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады. Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары жұлқиды, бері жұлқиды. Шалқан шықпайды.

Мысық болса, тышқанды шақырады. Тышқан келіп мысықтың құйрығынан, мысық иттен, ит немересінің етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстайды. Олар тарта-тарта ақыры шалқанды суырып шығарады.

Бауырсақ

Ертеде бір Шал мен Кемпір болыпты. Кемпір бір күні қаймаққа нан илеп, оны майға қуырып бауырсақ пісіріпті. Оны терезенің алдына суытып қойыпты.

Бауырсақ суып тұрып тұрып, бір кезде домалай жөнеледі. Домалап келіп терезе алдындағы орындыққа, орындықтан еденге, еденнен дәлізге, дәлізден аулаға, ауладан сыртқа, одан әрі, одан әрі домалай береді, домалай береді.

Бір кезде оған Қоян жолығып:

- Бауырсақ, Бауырсақ! Мен сені жеймін! – дейді.
- Қоян, сен мені жеме. Мен саған өлең айтып беремін: «Менің атым Бауырсақ, Бауырсақ! Қаймаққа иленгем, майға пісірілгем, терезеде суығам. Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме. Ұстатпаймын Қоян саған да!».

Содан Бауырсақ қара жолмен домалап кете барады. Оған Қасқыр кездесіп, оның да жегісі келеді.

Бауырсақ өзінің әнін Қасқырға айтып беріп, одан әрі домалай береді.

Бір кезде Аю жолығады:

- Бауырсақ, Бауырсақ! Мен сені жеймін! – дейді ол.

- Сендей майтабанға мені жеу қайда? Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме, Қоян менен Қасқырға ұстатпағам ендеше.

- Ал сендей ұстатпаймын мүлде де!

Сөйтіп домалай жөнеледі. Аю тек көзімен шығарып салады.

Бауырсақ домалағаннан домалап келе жатса оған Түлкі жолығады:

- Бауырсақ, Бауырсақ, қайдан домалап барасың? - дейді ол.

- Жолмен домалап барамын.

- Бауырсақ, Бауырсақ, маған өлең айтып берші!...

- Содан Бауырсақ: «Менің атым Бауырсақ, Бауырсақ! Қаймаққа иленгем, майға пісірілгем, терезеде суығам. Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме. Ұстатпай кеттім Қоян менен Қасқырға. Ұстатпай кеттім Аюға, ұстатпаймын саған мүлде де!» деп өлеңін айтып береді.

Түлкі оған:

- Өнің өте жақсы екен. Бірақ жөнді ести алмай тұрғаным. Бауырсақ, сен менің тұмсығыма шық та, әніңді тағы бір рет қаттырақ айтшы, - дейді.

Бауырсақ Түлкінің тұмсығына домалап шығып алып бар даусымен әнін айтады. Сол кезде Түлкі ұстап алады.

- Түлкі, сен мені жеп қайтесің! – дейді Бауырсақ. Жүр одан да біздікіне, Атам мен Әжеме барайық. Олар сені тойғызады.

Түлкі келіседі. Жолшыбай өздерімен бірге Қоян, Қасқыр мен Аюды ертіп алады. Олар келсе Әжесі көп қаусырма пісіріп қойыпты. Қоянға орамжапырақ салған, Қасқыр мен Түлкіге ет салған, Аюға таңқурай салған қаусырма тиеді. Ал Бауырсақ терезенің алдында өзінің әнін айтып отырады.

Мысық, әтеш және түлкі

Ертеде әтеш пен мысық болыпты. Бір күні мысық орманға кетерде, әтешке ескертеді: «Терезеден қарама түлкі сені көріп, үйіне алып кетеді». Түлкі мысық кеткеннен кейін, терезеге келіп әтешті шақырады:

- Әтеш, Әтеш
Алтын айдарлы,
Терезеге қарашы,
Бұршақ саған берем.

Әтеш шыдай алмай – терезеден басын шығарады. Түлкі бас салады, осы кезде Әтеш айқайлап досын шақырады:

- Мысық, досым,
Түлкі мені алдыс орманға алып кетпек!
Көмектесші!

Мысық әлі алыс кетпеген екен, досының дауысын естіп, қайта оралып келіп Әтешті құтқарады.

Екінші күні мысық тағы кетеді. Түлкі мысық кеткеннен кейін, терезеге келіп әтешті шақырады:

- Әтеш, Әтеш
Алтын айдарлы,
Терезеге қарашы,
Бұршақ саған берем.

Әтеш шыдай алмай – терезеден басын шығарады. Түлкі бас салады, осы кезде Әтеш айқайлап досын шақырады:

- Мысық, досым,
Түлкі мені алдыс орманға алып кетпек!
Көмектесші!

Мысық әлі алыс кетпеген екен, досының дауысын естіп, қайта оралып келіп Әтешті құтқарады.

Үшінші күні Мысық Әтешке:

Мен бүгін өте алысқа кетемін, сенің даусыңды естімеймін. Түлкіге алданып қалма. Түлкі Мысық кеткеннен кейін, терезеге келіп әтешті шақырады:

- Әтеш, Әтеш
Алтын айдарлы,
Терезеге қарашы,
Бұршақ саған берем.

Әтеш шыдай алмай – терезеден басын шығарады. Түлкі Әтешті бас салады да алып кетеді.

Мысық үйіне қайтып келсе, Әтеш жоқ. Мысық досын іздеуге шығады. Қалып орманда Түлкінің үйіне келіп, өлең айтады. Түлкі өлеңді тыңдап қалғанда Әтеш «кукареку», -деп айқайлайды. Мысық Әтешті алып, үйіне қайтады. Осылай достар бірге болады.

Торғай мен тышқан

Торғай мен тышқан дос болыпты. Екеуі бірігіп егін егеді. Тышқан жерді аяғымен қазып, торғай тұмсығымен шоқиды.

Егін жақсы шығады. Олар бітік өскен бидайды жинап алып, бөле бастайды. Бір бидай артық қалады. Енді соны қайсысы аларын білмей, жанжал басталады. Торғай тұмсығымен шоқып, тышқан тырнағымен осықылап, олар бір-бірімен ұзақ төбелеседі.

Маңайында ешкім болмаған соң, олар өздерінің билеріне барып, жүгінбек болады.

Алдымен олар тышқандар биіне келеді. Ол:

– Бұл бидайды тышқан алуға тиісті. Өйткені, тышқанның күші көп. Ол тырнағымен көп жер жыртып, ұртымен бидай септі, – дейді.

Енді олар торғайлар биіне келеді. Ол:

– Бұл бидай торғайдікі. Себебі, торғай егіндегі барлық арам шөпті жұлған. Күнде үстінде ұшып, егінді күзетіп жүрген, – дейді.

Бұған да келісе алмаған соң, торғай мен тышқан далада қой бағып жүрген бір шалға келеді. Шал дәнді алып, екеуіне бірдей қып бөліп береді. Торғай да, тышқан да разы болып, өз жөндеріне кетеді.

Қияр мен қырыққабат

Ертеде қияр мен қырыққабат қол ұстасқан дос болыпты. Бір күні екі дос суға шомылуға өзенгекеліпті. Келген бетте қияр шешініп, суға күмп беріпті де, жүзе бастапты. Қырыққабат бір-бірлеп, қабат-қабат «көйлегін» шешкенше күн де батып, қас қарайыпы. Осыған дейін су ішінде қалшылдап тұрған қиярдың терісі әбден күлдіреп кетіпті. Қиярдың қабағындағы бүршіктер, міне, содан пайда болыпты.

Құлын, қозы, лақ.

Жаз. Өрісте лақ, құлын, қозы кездесе кетті. Іші пысқан олар бірігіп ойнамақ болды. Әуелі нендей ойын қызық екенін талқыға салды.

Сөзді ақ лақ бастады.

- Ойынның қызығы тауға шығу. Тастан секіру. Өрі қан тарайды, әрі етті боласың.

Қошақан лақтың сөзін жаратпады.

- Секіріп, атылып ойнау ойын емес. Ойынның қызығы қошқарға сарт-сұрт сүзгізу. Өрі күштің толады, әрі бұлшықетің қатайды.

- Сендердің ойындарың көңілге қонбайды. Ойнаған соң шапқылап жарысайық. Тұра қалып тебісейік, - деді құлын.

Үшеуі қызылкенірдек болып ұзақ керісті. Ақыры келісе алмай, әрқайсысы өз жөндеріне кетті.

Шұбар тауық

Баяғыда бір атай мен әжей күнін әзер көріпті, екеуінің жалғыз шұбар тауығы болыпты. Тауығы жұмыртқа тауыпты, анау-мынау жұмыртқа емес, өзі алтын жұмыртқа екен. Атай ұрып-ұрып жара алмапты. Тышқан ерсілі-қарсылы зырлап бағыпты, құйрығын бұлғап қалыпты, жұмыртқа жерге түсіп кетіпті, түбіне сол жетіпті.

Кемпір мен шал жылапты, тауық сонда жұбатты:

Жыламашы, аташым! Мұңаймашы, әжешім! *Жұмыртқа* тауып беремін, алтын емес жылтылдақ, ас боларын-керегін!

Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады?

Күндердің күнінде бір торғай ұшып кеп, бір шаруаның қорасына қонады да, шашылған дәндерді теріп жей бастады. Мұны көріп, қожайының мысығы бір мүйістің тасасында тұрып торида. Аңдып отырған мысық бір мезетте шоршып барып торғайды бас салады. Қанатынан қапсыра тістеп тұрып: - Енді бір жақсылап тоятын болдым!- дейді.

- Ей, мысық мырза, ұялсаңшы! Жуынғанды ұмытып барасыз ғой, өзі! Өзіңіздің қожайыныңыз да, оның әйелі де, жуынғаннан кейін барып тамақ жейді,- дейді торғай.

- Оның да дұрыс екен-ау, - деп мысық жақсылап жуынып, сүртіну үшін алдыңғы аяғын тұмысығына апарды.

Сол кезде торғай, ұзақ ойланып жатпай, жалт береді! Қанатын қағып, ұшады да кетеді! Мысық ыза болады. Содан бері қарай мысық атаулы тамақ жегеннен кейін жуынатын болған екен.

«Үш аю»

Маша бірде орманға барып адасты. Жолды іздеп – іздеп таба алмай, орманда тұрған үйге келді. Бұл үйді аюлар мекендейтін. Әкесін Михайло Потапыч, шешесін Настасья Петровна, ал баласын Мишутка деп атайды. Аюлар орманға кетіп, үй бос екен.

Ашық тұрған есікке кірген Маша дастарханда тұрған үш табақ бөкпенді көреді. Үлкен табақ - әкесі Михайло Потапычтікі, ортаншысы – шешесі Настасья Петровнаікі, ал кішкентай табақ Мишутканікі еді.

Маша үлкен, одан кейін орташа табақтағы бөкпенді жеп еді, ұнамады. Ал кішкене табақтағы бөкпен дәмді екен. Маша бөкпенді түгел жеп қойды.

Шаршаған Маша отырғысы келіп, ең үлкен орындыққа шығып еді, құлап қалды. Орташа орындық та Машаға ұнамады. Ең кішкентай орындық өзіне туп – тура екен. Маша қуанып кетіп тербеліп еді, орындық сынып қалды.

Маша ұйықтайтын бөлмеге кіріп еді, онда да үлкен, орташа және кішкентай ғана, үш төсек тұр екен. Маша үлкен төсекке жатып еді, ал тым биік екен. Орташасы - өте кең екен. Ал кішкентай төсек Машаға дәл – дәл келді. Соған жатқан Маша ұйықтап қалды.

Орманнан шаршап келген аюлар асын ішпек болды. Өз тағын көрген М.П. «Менің табағыма кім тиіскен?», деді гүр етіп. Н.П. «Менің бөкпенімді де біреу тартып көріпті» - деп айғай салды, Ал Мишутка «Менің бөкпенімді түгелдей жеп қойыпты», - деп шәңк - шәңк етті.

Ұйықтайтын бөлмеге келгенде: «Менің төсегіме кім жатқан болды?» - деп гүр етті. М.П. «Менің төсегімді умаждап тастапты ғой», - деп айғай салды. Н.П. өз төсегіне Машаны көрген Мишутка «Міне жатыр, міне, ұстандар, оны, ұстандар», - деп шәңк – шәңк еткен Мишутка Машаны тұра куды.

Аюлардың дауысынан шошып оянған Маша қорқып кетті. Ол қорқып тұрып, ашық тұрған терезеден секіріп далаға шықты. Бар күшімен жүгіріп үйіне кетті. Аюлар оны қуып жете алмай қалды.

Күшік пен мысық

Ауылдағы көршілес екі үйдің бірінің ала мысығы болды.

Бір күні қара күшік көршінің бағына кіріп, сонда жүрген ала мысықты тура куды.

Мысық қашып барып, алма ағашына шығып кетті.

Күшік ағаш түбіне келіп: «Әу-әу-әу, әу-әу-әу!» - деп, мысыққа қарап шабаланып тұрып алды.

Мысық та оған құйрығын қыбырлатып, белін күжірейтіп, пырылдап айбат шекті.

Сол сәтте жұдырықтай бір қызыл алма сабағынан үзіліп, күшіктің басына келіп топ ете түсті. Күшік қаңқ ете қалды да, «Мысық ұрды екен» деп қаша жөнелді.

Ол енді өз ауласына барып, тағы да мысық жаққа қарап шәуілдеп тұрған. Сол кезде мысық ағаштан жерге қарғып түсіп еді, ол «тағы ұрады екен» деп ойлап, жүгіріп барып үйшігіне кіріп кетті.

Содан бастап қара күшік ала мысықты қумайтын болды.

Көкөністер туралы ертегі

Бір бақшада әр түрлі көкөністер өсіпті.

Жасыл қияр – ақкөңіл, әзілкеш, ешқашан қайғыруды білмейтін, барлық көкөністерді кекетіп – мұқатқанды ұнататын.

Қызыл қызанақ – маңызды, қашан да сәнді. Ол «Бүгін жаңбыр жауады деп ойлаймын» деген сөздерді жиі айтады екен. Шынында да жаңбыр жауған кезде қызанақ: «Көрдіндер ме! Менің айтқаным дұрыс келді ғой!» деп тағы мақтанады екен. Егер жаңбыр болмаса, қызанақ саспай, өзі айтқан сөзге қатысы болмағандай тұратын.

Қызғылтсары сәбіз болса: «Менің бар сылулығым жер астында жатыр, ешкім көрмейді, мен бақытсызбын!» деп әрдайым көңілсіз болып, бұрқылдайтын көрінеді.

Аққадаунды қырыққабат – кішіпейіл, сөзшең. Ол «Басында жапырағым екеу – ақ еді, қазір тіпті кқбейіп кетті.» - деп, барша айтар әңгімесі тек киімнің ауырлап кеткендігі жайлы.

Қоңыр картоп болса – қайырымды, мейірбан. Бақшадағы көкөністермен түгел дос болып, бәріне көмектеседі. Картопты бәрі жақсы көреді.

Бас пияз – жағымсыз, ол айналасындағылардың көздерінен жас ағып, үнемі жылап жүргендерін ұнататын.

Міне, осындай түрлі мінезді көкөністер сиысып, бір бақшада өсіпті. Қалай ойлайсыңдар, осындай мінез- құлықтар адамдар өмірінде кездесе ме?

Маша мен аю

Ерте, ерте, ертеде кемпір мен шал өмір сүріпті. Олардың Маша атты немересі болыпты. Бірде Маша құрбыларымен орманға жиналыпты. Атасы мен әжесі оған:

Құрбыларыңнан қалып қалма! – деп табыстады.

Бірақ Маша олардың айтқанын тыңдамады. Ол құрбыларынан алысқа ұзап кетіп, ақырында адасып қалды. Маша оларды шақырып айқайлай бастады. Құрбылары дауыс қатпады. Маша ымырт түскенше орманды кезіп жүрді. Кенет бір үйді көрді.

Машенька үйге кіріп:

Бұл үйде кім тұрады екен? – деп ойлады.

Ал бұл үйде аю тұратын. Ойлағанынша болмады, үйге Аю кіріп келді, үйге Аю кіріп келіп:

Менің үйіме рұқсатсыз негекіресің? – деп гүр ете түсті.

Маша:

Мен адасып кеттім. Бүгін осында қонып, ертең үйіме қайтамын, - деді.

Жоқ! Енді мен сені жібермеймін. Сен менің қолымда тұрасың. Пеш жағып, ботқа пісіріп, мені тамақтандырасың, - деді.

Маша біраз бұртиды, бірақ не шара?! Ол аюдың үйінде тұра бастады. Аю күні ұзақ орманға кетеді, ал Маша үй жинап, дәмді бәліш пісіреді. Аюдың қуанышында шек жоқ.

Біраз күн өтті. Маша Аюға:

Атам мен әжемді көрмегелі көп болды. Мен бір қорап бәліш пісірейін, ал сен оларға апарып бер, - деп еді, ол келісе кетті.

Маша бір қорап бәліш пісірді де:

Жаңбыр жауып тұрған жоқ па? Есік алдына шығып қарашы, - деді. Аю сыртқа шығып кеткенде Машенька қораптың ішіне кіріп алды.

Аю қайтып оралғанда қораптың дайын тұрғанын көрді. Оны арқасына салып, ауылға қарай тартты. Аю ұзақ жүрді, шаршады, ағаштың түбіріне отырып тынығып алғысы келді.

Түбірге отырып, бәліш жейін, - деп ойлады.

Ал Маша қорап ішінен:

Түбірге отырушы болма, бәлішті жеме! Атам мен әжеме апар, - деді

Неткен қырағы еді.

Бәрін көріп тұр, - деп, Аю қорапты көтеріп, ары қарай аяңдады.

Ауылға жетті, қыздың атасы мен әжесі тұратын үйді де тапты. Олардың есігін бар күшімен тоқпақтап:

Түк-түк-түк! Есікті ашыңдар. Мен Машенькадан базарлық әкелдім, - деді.

Иттербір нәрсені сезгендей оған тап берді. Басқа иттер де жан-жақтан үріп, жүгіре бастады. Аю қорқып кетті. Ол қорапты қақпа алдына тастай сала, алды-артына қарамай қаша жөнелді. Осы кезде үйден атай мен әжей шықты. Қорапты көрді.

Мынау не қорап? – деп әжесі таңғалды. Атасы қораптың аузын ашып қараса, онда Машенька отыр. Атасы мен әжесі Машенькамен осылайша қауышты.

Мысық пен тышқан

Ала мысықтың кішкентай күнінен маңдайы терлеп еңбек етіп, тамақ тауып ішкен күні жоқ. Басқа мысықтардай сарайдан тышқан аулау, қожасының асуын тышқаннан қорғау деген онда жоқ. Қайта тышқандарға қосылып, ет болса далаға алып кетіп, май болса, қарынды тесіп, сүт-қаймаққа түсіп, әбден тойып алып, пеш үстіне пыр-пыр ұйықтайды. Ала мысықтың ұйқыға кеткенін біліп алған тышқандар қорқынышсыз ән салып, би билейтін болса керек.

Ұры, жалқау ала мысық,
Сауған сүттен ұрлап ішіп,
Ет пен майға сыздап іші,
Ұйықтап жатыр сұлап түсіп.

Шиқ, шиқ, шиқ!
Тышқандарды жалқау дейді.
Түк білмейтін аңқау дейді,
Үлкендерді ұры дейді,
Балаларды мылқау дейді.

Шиқ, шиқшиқ!
Тышқандар осылай ән детіп, үй еденінің астын думандатып жіберіпті. Мұны мысық естіп, шошып оянады да, тышқандардың мына әндерін естісе, қожайыным көзімді құртар деп қорқады. Мысық айлаға көшіп:

Сендер ойнап қуансын деп,
Қарны тойып жұбансын деп,
Ешқайсыңа тимеуші едім,
Зұлымдықты сүймеуші едім.
Мияу, Мияу!

Айтқаныма сене қойшы,
Маңдайыңнан иіскейін,
Балапандар келе қойшы,
Ешқайсыңа тиіспейін.

Мияу, мияу!

Бұған тышқандардың кейбіреулері сеніп те қалады. Бірақ кәрі тышқандар жағысақтығын білдіріп:

Біз мысыққа сенбейміз,

Айтқанына көнбейміз,

Өтірікші, ол ұрлықшы,

Шақырса да келмейміз.

Шик, шик, шик, – дейді.

Бұған әбден ызаланған мысық едендегі кішкене саңылауды аңдып жатып алыпты. Мысықтың иісін алыстан сезетін ересек тышқандар саңылауға жоламайды. Жаңа ғана жүгіріп ойнап жүрген бала тышқан саңылаудан қылтиып шыға бергенде, мысық бас салыпты. Баласының мысықтың қолына түскенін білген ата тышқан:

– Мысеке, баламды жіберіңіз. Ертең осы уақытта сізге сыйлық беріп, апа-қарындастарым мен барлық бала-шағамды сіздің үйге жібергелі отырмын, – депті.

– Рас айтасыңба? Мияу, – дейді мысық.

– Рас айтам, мысеке, шик, шик, – дейді тышқан.

-Мысық: «Сөздеріңде тұрындар», – деп, аузынаша бергенде-ақ бала тышқан зып беріп тақтайдың жарығына кіріп кетіпті. Баласын құтқарған тышқандар:

Қарание тана мысық

Жүрген қаймақ ұрлап ішіп,

Енді бізден шықпайды ешкім,

Отыр солай тісің қышып.

Шик, шик! – деп әнге басады.

Мысықтың ұры, әрі жалқаулығынан, тышқандардың еркінсінуінен мезі болған үй иесі бәрінің де көзін жоғалтыпты. Өйткені олар ұрлықпен күнін көріп жүрген жалқаулар еді.

Су жүрек қоян

Бір күні қоян ұзап серуен демек болады. Бірақ ол үш қадам жасамай-ақ бұтаның арасынан бір сыбдырды естиді.

Осы мені түлкі шығар аңдып жүрген! – деп қоян қорқып зыта жөнеледі.

Жүгіріп, жүгіріп, дем алайын деп томаршаға отырғаны сол еді, тағы да бұтанын арасынан сыбдырлаған дауыс шықты.

Қасқыр емес пе екен, мені аңдып жүрген! – деп үрейі қашып, қоян тағы каша жөнеледі. Ол жүгіріп, жүгіріп, дем алайын деп сәл дамылдайды.

Неліктен мен сондай бақытсызбын? Менен ешкім қорықпайды, мен болсам бәрінен қорқамын? Сорлы басым-ай, одан да бұл қайғыдан суға батып өлгенім артық қой, – дейді ол қамығып. Сөйтіп, ол өзенге жүгіріп келсе, жағада бақа отыр екен. Сұр қоянды көре сала бақа есі шығып бақылдап суға секіріп кетеді. Мұны көрген қоян тоқтай қалып, таңдана, өз-өзіне: – Мен осы несіне суға батам, меннен декорқатындар бар екен ғой! – деп райынан қайтыпты.

Торғай мен тышқан

Торғай мен тышқан дос болыпты. Екеуі бірігіп егін егеді. Тышқан жерді аяғымен қазып, торғай тұмсығымен шоқиды.

Егін жақсы шығады. Олар бітік өскен бидайды жинап алып, бөле бастайды. Бір бидай артық қалады. Енді соны қайсысы аларын білмей, жанжал басталады. Торғай тұмсығымен шоқып, тышқан тырнағымен оскылап, олар бір-бірімен ұзақ төбелеседі.

Маңайында ешкім болмаған соң, олар өздерінің билеріне барып, жүгінбек болады.

Алдымен олар тышқандар биіне келеді. Ол:

– Бұл бидайды тышқан алуға тиісті. Өйткені, тышқанның күші көп. Ол тырнағымен көп жер жыртып, ұртымен бидай септі, – дейді.

Енді олар торғайлар биіне келеді. Ол:

– Бұл бидай торғайдікі. Себебі, торғай егіндегі барлық арам шөпті жұлған. Күнде үстінде ұшып, егінді күзетіп жүрген, – дейді.

Бұған да келісе алмаған соң, торғай мен тышқан далада қой бағып жүрген бір шалға келеді. Шал дәнді алып, екеуіне бірдей қып бөліп береді. Торғай да, тышқан да разы болып, өз жөндеріне кетеді.

Түлкі мен қасқыр

Ерте-ерте-ертеде бір қасқыр мен түлкі жолдас болыпты. Бір жерге келгенде, қасқыр түлкіге айтыпты:

- Менің басым ауырып барады, тамырымды ұстап, білші.

Сонда түлкі қасқырдың тамырын ұстап тұрып:

- Басың өте қатты ауырып тұр екен, олай-бұлай жүріп, құйрығыңды мұзы ойылған суға қоя қойғын,-дейді.

Сонда қасқыр олай-бұлай жүгіріп келіп, құйрығын мұзы ойылған суға малып отырғанда, құйрығы мұзға жабысып, өзі сол жерде қатып қалыпты.

Үш жалқау

Ертеде бірінен-бірі өткен ағайынды үш жалқау болыпты. Бар бітіретіндері бас көтермей ұйықтай береді екен.

Бірде үшеуі жолға шығыпты. Тоғай арасына келгенде, мәуелі ағаш көлеңкесіне қисая кетіпті. Бірінші жалқау:

- Е, құдай, мына өріктер піссе,- депті.

Екіншісі:

- Ауызға келіп түссе,- депті.

Сонда үшіншісі оларды кінәлай сөйлеп:

- Тұу, соны айтуға қалай ерінбейсіңдер?- депті.

Сауысқан мен көкек

Ертеде сауысқан мен көкек бір орманды мекендепті. Олар ұялары болмай, ағаштың бұтақтарын паналап күнелтіпті. Көкек күнде ерте тұрып алып: «ұя керек», «ұя керек»,-деп, көршілерінің мазасын кетіреді. Бір күні сауысқан көршісіне:

-Екеуіміз бірігіп ұя істейік. Әуелі саған, содан кейін маған салармыз,-дейді. Көкек:

-Менің ұя салатын қуатым да, қаруым да жоқ. «Керек, керек» деп қақсай берсем, құстың бәрі ағайыным, көп болып көмектесіп, ұя салып берер,-деп келіспейді.

Сауысқан көкектің көмегін күтпей-ақ, ұя салуға кірісті. Ол ұясының қабырғаларын жас бұтақтармен тасалап, берік етіп өрді. Оны шыммен, өсімдік тамырларымен мықтап байланыстырды. Іші-тысын саз балшықтармен сылады. Кішкене бұтақтардан құрастырып, шағын қақпалы есік жасады. Ұяның астына мамықтан төсек төседі. Ал көкектің «керек, керек» деп қақсай-қақсай даусы қарлығып, тілі сақау болды. Ол кейінгі жылдарда «керек» дегендегі р-ды айта алмай, «керек» деудің орнына «келек, келек» дейді. Сондықтан жұрт оны кекетіп «көкек» деп атайтын болды. Сол көкектің күні бүгінге дейін өзімдікі деген ұясы да, үй-іші де жоқ. Жұмыртқасын кез-келген ұяға табады, оны басқа құстар басып, балапан шығарады. Шібилер жетім өседі.

Төлдер айтысы

Бір жерге жиналған лақ, құлын, бұзау, қошақан, бота «біздің иеміз қайсымызды жақсы көреді?» деп бір-бірінен сұрасты.

Бірінші лақ бастап:

-Мә-ә-ә! Әрине, иеміз бізді жақсы көреді. Ол біздің сүтімізді ішіп, түбітімізді киімге пайдаланады, - деді.

Қошақан тұрып:

- Ме-ме! Ал біз ше! Адамға біздің етіміз өте ұнайды! Ол біздің жүнімізден жылы кеудешелер, бас киім, қолғап, шұлық тоқып, көрпе жасайды. Иеміз бізді жақсы көреді, бізден пайдалысы жоқ! – дейді.

Осы кезде бұзау:

- Мө-ө-ө! Сендер босқа мақтанасыңдар, адам тіршілігіне ең қолайлы – сиыр малы. Бізден шелек-шелек сүт, қарын-қарын май, ірімшік алады, етімізді жейді. Иемізге бізден пайдалы түлік жоқ! – депті.

Сонда құлын бір кісінеп алады да:

- Орынсыз мақтанбандар! Иеміз бізден қымыз алады, етімізден қазы-карта, шұжық жасайды. Адамның мінетін көлігі де – біздер! – дейді.
- Үндемей, монтиіп тұрған бота:
- Бәріңнен де адамдар бізді жақсы көреді! Бізден алатын шұбаттың емдік қасиетін айтсаңшы! Оған еш нәрсе жетпейді, - дейді.
- Осы кезде адам:
- Төлдерім, босқа таласпаңдар! Сендердің әрқайсыларыңның өз орндарың бар! Адам үшін бәрің де пайдалысыңдар, керексіңдер! – деді.

Аққу- қаздар

Ертеде бір ер адам мен әйел болыпты. Олардың Маша деген қызы, Иван атты ұлы бар екен. Маша – тұңғышы. Иванушка – кенже баласы.

Бірде балалардың әке-шешесі қалаға аттанады. Кетерінде олар Машаға:

– Ал, қызым, ақылды бол! Үй мен Ванюша – өзіңе аманат. Бауырыңды көзіңнен таса қалдырма. Саған сеніп кетіп барамыз, жарай ма? Біз сендерге қаладан базарлық ала келеміз, – деп қатаң ескертеді де, қоштасып жолға шығады.

Әке-шешесі кетісімен Машаны аулада ойнап жүрген достары шақырады. Қыз Иванушканы терезе алдындағы көгалға отырғызып, өзі балаларға барып қосылады.

Біраз уақыт өтеді. Маша ойын қызығына кіріп кеткен. Кішкентай Ванюша мүлдем ұмыт қалды. Осы кезде бір топ жабайы қаздар пайда болады. Олар терезе алдында отырған баланы қанаттарына отырғызып, ұшып кетеді.

Ойнай-ойнай шаршаған қыздар тарқай бастайды. Маша да үйіне оралады. Келсе, Иванушка жоқ. Ол ары-бері жүгіріп іздейді. Айқайлай-айқайлай дауысы қарлығады. Әке-шешесінің айтқан сөздері есіне түсіп, өкініп жылайды.

Інісін неде болса іздеп табу керек. Жүгіріп ауыл шетіндегі жазық далаға шығады. Ол алыста ұшып бара жатқан бір топ қаздарды көреді. Жабайы қаздар лезде қалың орманға кіріп, көзден ғайып болады.

Маша Ваняны осы қаздардың алып кеткенін біледі. Себебі бірде ол ауыл адамдарының бала ұрлайтын жабайы қаздар туралы айтқан әңгімесін естіген еді. Қыз құстардың ізіне түседі. Жүгіріп келе жатып ол бір пешке тап болады. Қасына келіп:

– Пеш-ау, пеш, айта қойшы, жабайы қаздар қай жаққа қарай ұшып өтті? – деп сұрайды.

– Алдымен сен маған отын сал. Содан соң айтамын, – дейді пеш.

Маша тездетіп отын жарады. Жарған отынды пешке салады. Пеш оған жол көрсетеді. Қыз пеш сілтеген бағытқа қарай жүгіре жөнеледі.

Біраздан кейін ол өсіп тұрған жалғыз түп алма ағашын кезіктіреді. Алма ағаштың бұтақтары қып-қызыл алмаларын көтере алмай, жерге қарай иіліп тұр екен. Маша оған:

– Алма ағашы-ау, алма ағашы, жабайы қаздар қайда ұшып кетті? – дейді өтініп.

– Бұталарым иіліп, сынуға айналды. Егер салған алмаларымды теріп алсаң, айтамын, – деп ағаш бір күрсінді.

Маша тездетіп пісіп тұрған алмаларды тере бастайды. Ағаштың жерге қарай иіліп тұрған бұтақтары біртіндеп жоғары көтеріледі. Жеңілдеп, бой түзеген алма ағашы қызға жол көрсетеді.

Маша сапарын жалғастырады. Оның алдынан енді өзен шығады. Онда су емес, сүт ағып жатыр екен. Қыз жақын келіп:

– Сүтті өзен, сүтті өзен, жабайы қаздардың қайда ұшып кеткенін көрсетіп жіберші, – дейді жалынышты үнімен.

– Бағана бір үлкен тас домалап құлап кетіп, жолымды бөгеді. Енді сүттің ары қа-рай ағуына кедергі келтіріп тұр. Егер сол тасты жағаға шығарсаң, мен саған жол сілтер едім, – деп өзен мұңын шағады.

Маша қолына үлкен таяқ алып, тасты итеріп, жағаға шығарады. Сыңғырлап аққан сүтті өзен оған жабайы қаздарды қайдан табатынын айтып береді.

Сөйтіп, Маша жүгірген қалпы қалың орманға жетеді. Ары қарай қайда жүрерін білмей, аңтарылып тұрып қалады. Сол сәтте бөрене түбінде отырған кірпіні көреді. Қасына жақындап:

– Кірпі-ау, кірпі, жабайы қаздарды қалай табуға болады? – деп сұрайды.

Кірпі оған:

– Менің соңымнан ер, – дейді де өзі жиырылып, дөңгелеп кетеді.

Осылай олар алдымен шыршалардың арасынан, одан әрі аққайындар ортасынан өтіп, бір алаңқайға жетеді.

Алаңқайда бір тауық аяқты үйшік тұр. Іште, терезе алдында жалмауыз кемпір тоқыма тоқуда екен. Ал Ванюша есік алдында алтын алмамен ойнап отыр.

Маша ақырын басып, тауық аяқты үйшікке жақындайды. Інісін көтеріп алады да, қаша жөнеледі.

Біраздан кейін жалмауыз кемпір терезеден сыртқа қарайды. Ойнап отырған бала жоқ. Ашуланған ол ысқырып, жабайы қаздарын шақырады.

– Тез ұстандар оны! Қуып жетіндер! Баланы алдыма алып келіндер! – деп бұйырады.

Жабайы қаздар қаңқылдап ұша жөнеледі.

Ванюшаны көтерген Маша қашып келеді. Анда-санда артына бұрылып қарап қояды. Міне, жол-жөнекей кезіккен сүтті өзенге де жетеді. Тағы бір рет бұрылып, артына қарайды. Жабайы қаздар жақындап қалған екен. Қыз қайда тығыларын білмей, әбден сасады. Ол өзенге:

– Өзен, өзен, бізді жабайы қаздардан жасыршы, – дейді.

Сүтті өзен арнасынан жоғары көтеріледі. Балалар астына кіріп отырады. Өзен үстімен ағып, оларды көзден таса қылады. Жабайы қаздар Маша мен Ванюшаны көрмей, ұшып өтеді.

Қуғыншылар кетісімен балалар жағаға шығып, өзенге рақметін айтады да, жолдарын жалғастырады. Ағайынды екеуін таппаған жабайы қаздар кері қайтады да, жүгіріп келе жатқан Машаны тағы да байқап қалады. Бұл кезде інісін көтеріп алған Маша өзі кездестірген алма ағашына жеткен еді. Қыз ағашқа:

– Алма ағашы, бізді жабайы қаздардан жасыршы, – деп көмек сұрайды.

Ағаш Маша мен Ванюшаны қалың бұталарының астына отырғызып, жапырақтарымен жауып, көрсетпей тастайды. Қыздан адасып қалған жабайы қаздар алма ағашын ары-бері айналып, балаларды таппаған соң ұшып кетеді.

Маша тасадан шығып, ағашқа алғысын білдіріп, жолын жалғастырады.

Міне, үйлеріне де жақындап қалған еді. Маша бұрылып, артына қарайды. Жабайы қаздар тағы соңдарына түскен екен. Олар қызды қуып жетіп, тіпті Ванюшаны қанаттарымен қағып әкетпекші болады. Бірақ қыз інісін құшағына қатты қысып жібермейді. Өрең дегенде құстардан сытылып шыққан Маша алғаш кездестірген пешке жетеді де:

– Пеш, пеш, бізді мына жабайы қаздардан құтқаршы, – деп өтінеді. Пеш балаларды ішіне отырғызып, бетін жапқышпен жабады. Ал жабайы қаздар пешті айналшықтап ұзақ ұшып жүреді. Жапқышты қанаттарымен сабалап, сабалап аша алмай, әбден шаршайды. Сөйтіп амалдары таусылған олар кері, жалмауыз кемпірге қайтады. Маша інісін көтеріп, жерге түседі. Олар пешке алғысын айтып, үйіне келеді. Артынша қаладан әкесі мен анасы оралады. Қызы Маша мен кішкентай ұлдары Ваняға мол сыйлық береді.

Екі сараң қонжық

Ертеде бір ну орманда кәрі Аю тіршілік етіпті. Аюдың екі қонжығы болыпты. Қонжықтар өскен кезде, бақыт іздеуге жолға шығыпты. Олар жолға шығар алдында анасымен қоштасыпты. Ал анасы қонжықтарын құшақтап, еш уақытта бір бірінен айырылыспауды талап етті. Анасының бұйрығын орындауға сөз берген қонжықтар жолға шығады. Алдымен олар тоғайдың шетімен, содан соң жазық даламен жүреді. Сөйтіп бір күн жүрді, екінші күн жүрді. Ақырында бар қоректері таусылды. Ал жолдан табатын ештеңе болмады. Қонжықтар бірінің артынан бірі еріп келе жатты.

Сол уақытта кіші Қонжық:

Ағатайым, менің қарным ашты! деп шағымданады.

-Менің де қарным ашты! деп өңі бұзылып, басын шайқайды.

Солай жүре берді. Кенеттен үлкен ірімшікке кезікті. Әділ жолмен тең бөліспек еді, бөлісе алмады. Қонжықтар бір бірінен ірімшікті қызғанып, ұрсысып, ақырып тұрғанда кенеттен жандарына Түлкі келеді

-Неге ұрсысып тұрсыңдар? деп сұрайды.

Түлкі: -Мен сендерге ірімшікті теңдей бөліп беремін деді.

Түлкі ірімшікті алып екі бөлікке бөледі. Алайда алаяқ басты бір жарымын екіншіден үлкен қылып бөледі.

Қонжықтар бұған ренжіді.

-Мынау үлкен ғой, деп ақырды.

Түлкі оларды жұбатып:

-Тыныш жастар!

Кішкене сабырлық, қазір бәрін реттеймін.

-Мен өзімнің жұмысымды білемін, деді.

-Бұлай да бірдей емес, деп тынымсызданады.

Ол үлкен жарты бөліктің жартысын қылғытып жұтып қояды. Енді кіші жарымы үлкен болады.

Жүргізуші: Осылайша қу түлкі қонжықтардың ірімшігін тең бөлмей, біразын жеп азғантай ғана қалдырып, оларды теңеп, екеуіне береді.

Түлкі оларға күліп:

Міне сараң, арам болсаң, бір күні осындай азығыңнан құр қаласың, деп өз жөнімен кетті.

Әтеш пен тоты

Ертеде тоты мен әтеш айырылмас дос болыпты. Ол кезде тоты құс жерде өмір сүреді екен. Тотықұс бір күні әпкесінің үйіне қонаққа бармақ болады. Өзінің әдемі көйлегі болмағандықтан әтештің үстіндегі әдемі көйлегін сұрайды. Әтеш көйлегін беруге келіседі. Тотықұс қонақтан келгесін қайтаратын болады. Тотықұс әтештің әдемі көйлегін киеді. Киініп, таранып жолға дайындалады. Әтеш тотықұстан: қашан келесің? деп сұрайды. кешікпей келемін деп жауап береді тотықұс. Кешіксең қайтемін? Деп сұрайды әтеш. Ондайда айғайлап шақыра қойсаң болғаны, лезде келемін дейді тотықұс. Тотықұс сол кеткеннен мол кетеді. Әтеш әне күтеді, міне күтеді, көйлегін киген досы келмейді. Шыдамы таусылған әтеш қораның басына шығып: Ку ка ре ку!!! Деп тотықұсты шақырады. Бірақ тотықұс келмейді. Әтеш оны әлі күнге дейін шақырады екен.

Қасқыр мен ит

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы бөртеде бір шаруа өмір сүріпті. Оның күшік күнінен өсірген жалғыз иті бар екен. Шаруа шалғымен шөп шауып, қой бағып күнелтіпті. Ол ертеңгісін ерте тұрып қырға қой бағуға кетердің алдында, үйін, қора-қопсысын күзетуді итіне тапсырады екен. Иті де өзім индетіне ұқыпты қарап, үй маңына ешкімді жолатпапты. Шаруа жұмыстан келгенін деитін еркелетіп, басынан сипап:

Итім, итім, итім-ай,

Түн үресің бір тынбай.

Қожайынға адалсың,

Жаксы көрем ырысымдай.
Қамқорым да өзіңсің,
Үйімдегі көзімсің.
Қожайының демалып,
Бірір уақыт көзілсің, –

деп, үйіне кіріп демалады екен. Осыны көптен сырттай бақылап жүрген бір көкжал қасқыр итті қожайынға мазақ етпек болып айлаға

көшеді. Оның бір дамылдаған сәтін пайдаланып, қорадағы қозыға түспекке ыңғайланады.

Бір күні түнгі күзеттен шаршап, күншуақта бойыжылып, мызғып кеткен иттің мұрнына жағымсыз иіскеледі де, ұйқысынан шошып янады. Жан ұшырып қораны айналса, күні бұрын қазылған ін арқылы қасқыр:

Жылы-жұмсақ қозылар,
Етің дәмді дертке нәр.
Бір қолыма түсерсің,
Қарнымда жатып пісерсің, –

деп, сілекейін шұбыртып қораға еніп бара жатыр екен.

– Әй, көкжал, тоқта! – дейді жүнін тікірейткен ит. – Қазір «аттандап» үрсем, қожайыным оянады да, мылтығымен сені атып салады. Саған анау даланың толып жатқан қоян-түлкісі жетпеді ме? Нең бар мұнда?

– Ет тәттілігін қойса, мен жегенімді қоямын, – дейді қасқыр гүр етіп. – Қазір мен сенің қармағыңа түстім. Не істесең де қолыңдамын. Бірақ мен бір нәрсеге түсінбеймін. Қожайыныңа кұйрығынды бұлғаңдатып, оған адал қызмет еткенде, ішіп-жейтінің қалған-құтқан бірдеңелер. Өзіңді аямайсың ба? Түнімен ұйқы көрмей, шәуілдеп үрумен боласың. Иең ашуланса, бұрышта бүк түсіп, ішің бұратылып аш жатасың. Анау сала құлаш шынжырың мойныңды ауыртады. Сені осыншама бейнетке салатындай адамның қандай күдіреті бар? Мен сияқты берсе – қолынан, бермесе – жолынан деп, жұлып жеп күнелтпейсіңбе? Өзің туыссың. Бірге өмірсүрейік.

Ит ойланған кейіп танытады. Қасқырдың көзі оттай жанып, ішінен: «Әп, бәлем, қармағыма түстіңбе? Қарным ашқан күні бір-ақ бүктеп, тарамыс-тарамыс етіңді талшық етсем», – деп зымияндана қарайды.

– Ау, Қасеке, мына сауалыңа мен жауапберейін, – дейді ит әңгімені ұзаққа созғысы келіп. – Туыс екеніміз рас. Енемнен туып, көзімді ашпай тұрғанда, осы адам мені есігінің көзіне жатқызыпты. Қашып кетер қауқар қайда. Өттең, сол кезде өзіңе кездесем ғой. Бірге ілесіп жүребер етінедім. Сонан соң көзімді ашып, еңсемді көтерген кезде, темір шынжырлы қарғы бау мойныма ілінді. Қайтып құтыласың? Қараптан-қарапаштан өлесіңбе? Қораны айналып, қой күзеткен болып үрдім келіп. Сонда өзің маңайыма жақындамадың да ғой. Алыстан қарап, менсінбедің мені. Амалсыздан үйдің күзетшісі атандым.

Қасқыр мына сөзге мәз болып қалды. Шоқиып отырған күйім ақтана жөнелді.

– Әй, туысым-ай, ол кезде сені көрдім дейсіңбе? Әйтпесе бөлтіріктеріме ертіпжүріп, аңғасалатын едім. Алтайдың қызыл түлкісінің терісін паршалатып, етін жегізередім. Құм қоянының су жүректігін білмейсің ғой. Түріңді көрсе, көзібадырайып, алдыңа жата қалареді. Бойыңжазылып, мына

мен сияқты елік атаулыны қадам бастырмас едің. Алты қырдың астындағыны сезер ақылды болуың ғажап емес. Жауыңа кекті, жорыққа мойымас едің.

Сол сәт қора ішіндегі қозылардың у-шу үнін естіп, сілекейі шұбырған қасқыр сөзінен жаңылады. Ит асықпайды, оны тағы да әңгімеге тартады.

– Ау, қасеке, сіздің мінезіңізде мен түсінбейтін ғажап бір қасиет бар, – дейді қасқыр дымақтап.

– Ол қандай қасиет? – қасқыр ырза боп, тісін сақылдатты. – Әй, итім-ай, туыстықты қадірлейтінің білініп тұр. Менің ішкі сырыма үңілген сияқтысың ғой.

– Қасеке, ол қасиетіңіз өзгенің де, мәселен, біздің де қамымызды ойлайтындығыңыз. Қазір ғой, мына қораға кіресіз де, мен сияқты өзіме ғана жетеді деп бір қойды теңдеп әкетпейсіз, түгел жусатасыз да саласыз. Өлек сені адам атаулы жемейді. «Арамдалды» деп отар маңынан аулақтау жерге тастайды. Ертелі-кеш тамағымыз дайын. Осындай ғажап мінезіңізге таңмын, – деп ит бір тоқтады.

– Тауып айттың, итім, бұл қасиетті үйрену үшін талай ақыл керек. Бабаларымыз: «Ақылмен жесең – асап жейсің, ақылсыз жесең – аз-ақ жейсің», – деп айтып кетіпті ғой, – дейді қасқыр.

– Осы, Қасеке, аң атаулы ақыл жағынан сізге тең келмейді. Түйе үлкен болғанымен, оның түймедей ойы жоқ. Сіз оның шөгіп жатқан сәтін аңдып, өркешінен бір аттап кетсеңіз, орнынан тұра алмай қалады. Шамасы, жүрегі жарылып кететін болар. Жылқы атаулыны атама, ақымақ мал ғой. Құйрығынан жабыссаңыз, біткені, шіренетартып, жібере салғаныңызда, өзінен өзі омақаса құлайды. Арыстан мен жолбарыс күштілігіне, сілеусін шапшандығына сенеді. Түлкі тышқан аулағанға мәз. Шибөрііңізқойдың майлы құйрығын сорғанын мақтан етеді.

– Әрине, әрине! – деп қостады қасқыр мәз болып.

– Қасеке, осы сіз қойшыдан қорықпайсыз ба? – деді ит сыр тартып.

– Әй, бауырым-ай, біздің туыстардың «Өгізді қойшы – өлген қойшы, жеп болғанда көрген қойшы. Түйелі қойшы – тұрған қойшы. Жаяу қойшы – көңілі қаяу қойшы», – деп, айтқандарын естімеппе едің? Жалғыз-жарымай далада кездессінші, екі-үшеуімізжан-жағынанқардыборатыпберейік. Сабазыңесішығып, қойды тастай қашады.

– Адамнан да қорықпайтын жүрек жұтқан ағайынсыңғой. Бізге ондай батырлық қайда? Рас, басқа түссе, қоянын аулап, түлкісін қырармыз. Сіз сияқты ін де қазармыз-ау, бірақ ол бізге ақпанның ақырған аязында пана болмайды ғой. Қарғыс атқыр аңшы атаулы жүйрік атқамініп, шошақ мылтығын асынып, ойда жоқта кездесе қалса, саудамыздың біткені. Менен сорлы жоқ шығар бұл дүниеде, – деп, ит ұлып жата кетті. Мұнысы иесіне берген белгісі еді.

– Айтпақшы, Қасеке, ұлу демекші, осы сіздер туыстарыңызды қалай ғана іздеп таба қоясыздар, – дейді ит кенет басын көтеріп.

– Ұлудың да неше түрібар-ау. Әлде қалай олжа кездесіп, жалғыз шамаң келмесе, ұлымағанда қайтесің. Қазір «У-у-у» дейінші, туыс атаулы жан-жақтан сабылып жетеді. Бірақ оңай ол жаға оларды ортақ қылып нем бар, – дейді қасқыр бөсіп.

– Онда мен сенен қалмаймын, – дейді ит. – Туып-өскен жерінді қимайды екенсің. Қоштасып кетейін. Көзімді ашып, күнде майлы жуынды ішкен

жерім, қош, у-у! Қарғы бау тағынып, шынжыр сүйретіп күзеткен қорам, қош, у-у! Тамақ бермей, таяқпен басыма ұрған қожайыным қош, у-у! Қасқыр мәз болып, ішек-сілесі қатқанша күледі. Итінің ауық-ауық ұлығанынан оянып кеткен қожайын қолына мылтығын алып, қораны айналады. Ұлып отырған итінің жанындағы қасқырды атып алады. Ақылды ит қасқырды осылай қолға түсіріпті.

Ақылды лақ

Бір бұзау,бір тоқты,бір лақ ел көшкенде ойнап жүріп байқаусызда жұрттан қалыпты.Үшеуі түрнектеп жүріп,қос тұрғызып алыпты.Қосы бір бұлақтың қасында екен.Оның қасында зәулім бәйтерек өсіп тұрыпты.

Бұлар айдалада ең қалғанын естіп бір тойып алайын -деген ниетпен аю іздеп келіпті.

Лақ арбаңдап келе жатқан аюды көреді де ,алдынан жүгіріп шығып,қарсы алыпты.Содан қосқа естіріп келіп есік ашып төрге шығарады.Бұлар үйге кірген кезде «аю ағамыз келіп қалыпты»- екен не тамақ береміз? -деп сұрайды тоқты лақтан.

Сонда ақ лақ даусын көтереңкіреп «Басқа аюдың басын ас, соңғы аюдың төсін ас, дым болмаса осы аюдың өзін сойып,барлық етін түгел ас»-депті.

Оны естіп отырған аю- «бұлар аюдың етін жейді екен ғой»-деп ойлап орнынан атып тұрыпай-жайға қарамай тұра қашыпты.Зытып келе жатса қарсы алдынан қасқыр кездеседі. Аюдың қылығына танданған қасқыр

-Ооо аю жан неден қашып келесін сонша-деп сұрайды.

Бұған аю айтады: мына белдің арға жағындағы бұлақтың жағасында бұзау,тоқты,лақ үшеуі тұрады. Соларды байқап көрейін деп барып ем өзімді жеймін- деген соң ,сорға қашып құтылдым.

Қой ,ары -дейді қасқыр әлгі аюдың сөзіне күліп «бір аюдың басын,бір аюдың төсін жейміз»- деп дауласып жатқанда мен қаша жөнелдім.

Ендеше жүр екеуміз бірге барайық.Үшеуін де қоршап алып ,тең бөлісіп желік-дейді қасқыр.

Оған аю көнбей , жүрексініп -жоқ мен бармаймын өзін-ақ бара бер – дейді.Сол арада қасқыр жіп тауып алады да ,бір ұшын аюдың мойынан ,бір ұшын өзінің мойнын байлайды да,сөйтіп аюды зорлықпен ала жүреді.

Аюды жетелеген қасқыр тартса, тартса қосқа жақындағанда лақ жүгіріп сыртқа шығып :

-Ооо қасеке біз үшеуміз ол аюға тоймаймыз- деп айқайлайды.

Бұл сөзін естіген аю бұрынғыдан да шошып,кері қарай қаша жөнеледі.Қасқыр жіпке буынып қылқынып қалады.Бір жерге келгенде аю жіпті үзіп тастап кетеді.Ес -түсінен айырылып,әлсіреп жатқан қасқырға дала кезіп жүрген тағы бір қасқыр.

-Ооо досым неғып зұлап жатырсын? –деп сұрайды.Бірден, уақытта есін жиған қасқыр «Неғып жатушы ем ,аюдың ақмақтығынан өлгелі жатырмын, мені аю сүйретіп шығып кетті»-деп басынан кешкен оқиғаны айтып береді.

Онда өзіміз-ақ барайық- деп айтады қалсыраған қасқыр.Сонымен екі қасқыр қосқа қайта барады.Бұларға қолдана шарасы таусылған бұзау,тоқты,лақ бәйтерекке шығып алады. Лақ бас жағына,тоқты орта тұсына ,бұзау олардан төменірек орналасады. Бәйтеректің түбіне келген соң әлгі жолда қосылған қасқыр:

-кел екеуміз мына ағашты ырғайық. Аналар алма құсап жерге төгіліп түседі-деп ағаш астына келіп дайындалып тұрғанда ,бұзау отырған бұтақ сынып кетеді де жерге топ ете түседі., содан сескеніп тұрған қасқырдың бел омыртқасы үзіліп кетіпті.Бұдан кейін аю қылқындырып кеткен қасқыр қорқып өз бетімен қаша жөнеледі.Сөйтіп бұзау,тоқты.лақ ажалдан аман қалыпты.Күзде ескі жұртына қайта көшіп келген иесі аман есен жайылып жүрген малын тауып алыпты.

Жеті қазынаның бірі

Арыстан барлық аңдарды жинап, кімнің күшті, ақылды, епті екенін білгісі келеді. Барлық аңдар өз пікірлерін айтып, ең күшті ақылды деп арыстанды айтады. Бірақ ит үндемейді. Оған арыстан сен неге үндемейсің депті, ит оған ең ақылды, қайратты – адам депті. Арыстан оған ашуланады. Ит осылай аңдардан бөлініпті. Содан бері ит адамның досы, серігі, қорғаушысы болыпты.

Мақта қыз бен мысық

Ерте, ерте, ертеде,Ешкі құйрығы келтеде,Мақта қыз бен мысық өмір сүріпті. Мақта қыз үстел үстін реттейді. Ыдыстарды жиыстырған кезде мейіз тауып алады.

Мақта қыз (Мысығын шақырады)

- Мияуым менің, қайдасың?

- Тарғылым менің, келе ғой, мен саған мейіз беремін (мысық келмейді)

- Келмесең, келмей –ақ қой, өз обалың өзіңе,- деп (мейізді қыз жеп қояды)

Осы кезде үй артынан «мяу» деген дыбыс шығады.

Мақта қыз ыңылдап ән салады, мысық шығады.

Мақта қыз:

Мысығым-ау, мысығым,

Тарғылы жақсы түсінің.

Таңертең де, кеште де,

Бетін жуған пысығым.

Піш - піш десем, келе ғой,

Айтқаныма көне ғой.

Шақырғанда піш-піш деп,

«Мяу! -деп дыбыс бере ғой.

Әжей: Сол кезде мысық шығып Мақта қызға өлең айтып береді.

Мысық:

Менің атым мысық,

Екі көзім қысық.

Тышқан аулап отырамын

Сүт-көжемді ішіп –дейді

Мысық: Мақта қыз, сен мені неге шақырдың?

Мақта қыз: Айтпаймын!

Мысық: Ендеше, мен сенің қатығыңды төгемін.

Мақта қыз: Ой,ой. Сен не істедің? Сол үшін мен сенің құйрығыңды кесіп аламын! (құйрығын кесіп алады)

Мысық: Берші, құйрығымды!

Мақта қыз: Бермеймін! Қатығымды қайтарып бер!

Сөйтіп, мысық сиырға келеді.

Сиыр:

Менің атым сиыр,

Өрісім алыс қиыр.

Етім үшін, сүтім үшін,

Адамдар маған үйір - дейді.

Мысық: Мяу, сиыр, сиыр, сен маған қатық берші!

Сиыр: Сен маған жапырақ әкел, менің қарным ашып тұр.

Сөйтіп, мысық ағашқа барады.

Ағаш:

Мен жасыл ағашпын,

Күтсеңдер гүл ашам,

Жолыңа нұр шашам,

Жапырағым азық,

Бұтағым қазық.

Саяма сағаларсың,

Салқындап дем аларсың.

Мысық: Ағаш, ағаш, маған жапырақ берші!

Ағаш: Маған су әкеліп бер мен шөлдедім, мен саған жапырақ беремін.

Сөйтіп, мысық су іздеп келе жатса, алдынан су тасып жүрген қыздар шығады.

Қыздар:

Су - тіршілік негізі,

Онсыз өмір сүрмейсің.

Тазалықтың негізі,

Су деп және білгейсің –деп әндетіп жүреді.

Мысық: Мяу, қыздар маған су беріңдерші.

Қыздар: Сен бізге дүкеннен сағыз әкеліп бер.

Сөйтіп, мысық дүкеншіге келеді.

Мысық: Мяу, дүкенші, дүкенші маған сағыз берші.

Дүкенші: Маған жұмыртқа әкеліп бер, мен саған сағыз берем.

Мысық әбден шаршады жұмыртқа іздеп тауыққа барады.

Тауық:

Мен ақ тауықпын,

Өзім қақсауықпын.

Күніне бір жұмыртқа табам,

Осыған жетеді шамам - деп әндетеді.

Мысық: Мяу, тауық, тауық маған жұмыртқа берші.

Тауық: Сен менің балапандарыма дән әкеліп бер, біз ашпыз.

Мысық ойға батып, басын ұстап не істерін білмей отырып қалады.

Осы кезде бір тышқан жүгіріп шығып, інді қаза бастайды.

Тышқан:

Мен тышқанмын,

Өзім дән екпеймін.

Егістен ұзап кетпеймін,

Айналам толы ән,

Қоймам толы дән,

Дәнді тастап кетпеймін - деп ән салып жүрген тышқанды мысық бас салып

ұстап алады.

- Айт, үйінде не бар? Жаныңның барында айт, тез, әйтпесе, қазір жеп қоямын.

Тышқан: Сен маған бір ән айтып бер.

Мысық: Мақта қызбен қосылып « Қошақаным» әнін айтып береді.

Тышқан мысыққа рахмет айтып, бір қап тары береді, мысық дәнді тауыққа береді, мысық жұмыртқаны дүкеншіге береді, дүкенші мысыққа сағыз береді, сағызды

мысық қыздарға береді, қуанған қыздар мысыққа су береді, суды мысық ағашқа құяды, шөлі қанған ағаш мысыққа жапырақ береді. Жапырақты мысық сиырға береді, сиыр оған қатық береді, қатықты мысық Мақта қызға берді.

Мысық: Мақта қыз, қатығың міне мен енді бұзық болмаймын, айтқаныңды тыңдаймын,- деп қатықты қызға берді.

Сөйтіп Мақта қыз қатығын, мысық құйрығын қайтарып алып, екеуі тату-тәтті өмірсүрген екен.

Айна

Бір күні кірпі, қоян,жираф орманда келе жатып, ағаштың артынан бір нәрсенің жылтырағанын байқады.олар сол жаққа қарай жақындай келіп ,мұқият қарайды.

-Өзінің үсті басы тікенек, кішкентай ғана көздері бар,бұл кім? деп сұрайды кірпі.

- Қане ,көрейінші-дейді қоян.

-Жоқ, оның мүлде тікенегі жоқ,құлағы ұзын,көзі қызыл,мойыны қысқа.

-Мен де көрейінші,-деп жираф келеді.

-Жоқ ,оның мойыны қысқа емес ұзын,құлағы тікірейген ,бойы биік,-деп таңқалысты.

АЙНА-бір беті шағылдырушы қабатпен қапталған шыны немесе талл дене.



«Ертегілер әлемінде»

Жұмыс дәптері

Дайындаған тәрбиеші: Нургалиева А.А.

Түсінік

Бұл жұмыс дәптері балалардың:

- сөйлеу тілін дамытуға
- сөздік қорын байытуға
- ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға
- шығармашылық белсенділігін арттыруға арналған

Тапсырмалар ойын түрінде беріледі.

1-БӨЛІМ: «Бауырсақ» ертегісі

1-тапсырма: Кейіпкерлерді тап

☐ Балаға суреттер ұсынылады
(қоян, қасқыр, аю, түлкі, мысық)

✓ Тапсырма:

Ертегі кейіпкерлерін қорша

2-тапсырма: Бояу

☐ Бауырсақтың суреті

✓ Тапсырма:

Бауырсақты боя

3-тапсырма: Қайтала

✓ Тәрбиеші айтады, бала қайталайды:

- Домалайды бауырсақ
- Қашты бауырсақ

2-БӨЛІМ: «Шалқан» ертегісі

1-тапсырма: Кімдер бар?

✓ Суретке қарап айт:

- Ата
- Әже
- Немере

2-тапсырма: Ретін тап

☐ Суреттер беріледі

✓ Тапсырма:

Кім бірінші, кім соңынан?

3-тапсырма: Қимыл ойыны

✓ Балалар бірге айтады:

«Тарт, тарт, шалқанды тарт!»

3-БӨЛІМ: «Үш аю»

1-тапсырма: Үлкен-кіші

✓ Үлкен, орташа, кішкентай аюды ажырат

2-тапсырма: Сәйкестендір

✓ Қай аюға қай ыдыс тиесілі?

3-тапсырма: Айт

- ✓ «Бұл үлкен аю»
- ✓ «Бұл кішкентай аю»

4-БӨЛІМ: «Түлкі мен қоян»

1-тапсырма: Жақсы-жаман

- ✓ Түлкі қандай?
- ✓ Қоян қандай?

2-тапсырма: Сурет сал

- ✓ Қоянның үйін сал

5-БӨЛІМ: «Шұбар тауық»

1-тапсырма: Не болды?

- ✓ Жұмыртқа сынған суретті көрсет

2-тапсырма: Қайтала

- ✓ «Жұмыртқа»
- ✓ «Тауық»

6-БӨЛІМ: «Тауық пен балапандар»

1-тапсырма: Санап көр

- ✓ Неше балапан?

2-тапсырма: Боя

- ✓ Балапандарды сары түске боя

7-БӨЛІМ: «Түлкі мен тырна»

1-тапсырма: Кім не жейді?

- ✓ Түлкі —
- ✓ Тырна —

2-тапсырма: Айырмашылық

- ✓ Ұзын тұмсық — кімде?

8-БӨЛІМ: «Не дәмді?»

1-тапсырма: Дәмін тап

- ✓ Тәтті
- ✓ Тұзды

2-тапсырма: Сөйле

- ✓ «Маған ... ұнайды»

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Шығармашылық тапсырма:

- ✓ Өз сүйікті кейіпкерінді сал

Бағалау (тәрбиешіге арналған):

- ✓ Сөйлейді
- ✓ Қайталайды
- ✓ Қатысады
- ✓ Түсінеді